



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 1

10.03.2026 жыл

Қосшы қаласы «Baldirgan-2022» ЖШС
балабақшасын
аттестаттаудан өткізу туралы

ҚР «Білім туралы» Заңының 59-бабы 4 тармағына және ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсанадғы №1270 қаулысымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау Ережесін» басшылыққа ала отырып, Ақмола облысы Қосшы қаласы Білім бөлімінің білім беру ұйымдарын аттестаттаудан өткізудің кестесін жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшаның өзін-өзі аттестаттауы 2026 жылдың 10 наурыз мен 17 сәуір аралығында өткізілсін.
2. Мектептің өзін-өзі аттестаттау комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін:
Комиссия төрайымы
Саметова М.Ж – балабақша директоры
Комиссия төрайымының орынбасары
Байканова Г.Ж – меңгеруші
Комиссия мүшелері
Кадырова Э.Т- тәрбиеші
Дүйсенбаева Т.Қ -тәрбиеші
3. Өзін-өзі аттестаттау комиссиясы мүшелерінің міндеттері бекітілсін.
4. Комиссия мүшелері тарапынан балабақшадағы педагогикалық үдерістің сапасы мен тиімділігіне объективті талдау мен бағалау жүргізілсін.

Директор



М.Ж Саметова

Қосшы қаласы «BALDIRGAN -2022» ЖШС
балабақшасы
Кезектен тыс педагогикалық кеңес

ХАТТАМАСЫ № 1

Күні: 10.03.2026 жыл
Қатысқаны : 9 педагог

Тақырыбы:

«2025 жылғы 10 қарашадағы № 687 Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу»

Күн тәртібі:

- 1.2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылғы 10 қарашада № 687 бұйрығына қосымшасымен танысу; М.Ж Саметова -б/б директор
2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес ЖШС-ның өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссия құрамын бекіту. М.Ж Саметова -б/б директоры

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Сөзді директор М.Ж Саметова алды. Ол 2026 жылдың мамыр айының соңында балабақшамыз мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін, алдымызда өте жауапты миссия тұрғанын айтты, және 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен таныстырды.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» 26.07.2021 жылғы №366 бұйрығына және ҚРБҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдестімелік ұсынымдарды бекіту туралы» 10.09.2021 жылғы №687 бұйрығына сәйкес, бармай профилактикалық бақылаудың алдындағы білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы белгілі бір кезеңдерден тұрады, олардың бірі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізу болып табылады. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауын кемінде төрт) қызметкерінен тұратын комиссиямен жүргізу ұсынылады. Осыған орай ұсыныстар енгізуді сұраймын.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Саметова М.Ж әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрайымы болып балабақшаның бірінші басшысын тағайындауды ұсынды.

Сөз сөйледі: меңгеруші Байканова Г.Ж

Тәрбиеші Свет Б.Т - осы жұмыстарға жауапты ретінде Э.Кадырова- тәрбиеші ,

Дүйсенбаева Т -тәрбиеші ұсынды.

Педагогикалық кеңеске қатысушы педагогтар комиссия мүшелерінің құрамына бірауыздан келісті.

Кеңестен тыс педагогикалық кеңестің шешімі:

1.Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып және өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрайымы

М.Саметова – балабақша директоры

Байканова Г.Ж.- меңгеруші комиссия төрайымының орынбасары

Кадырова Э – тәрбиеші

Комиссия мүшелері

Кадырова Э - тәрбиеші

Дүйсенбаева Т -тәрбиеші комиссия төрайымы

Бірауыздан келісті- 9 адам

«қарсы» - жоқ, «қалыс» - жоқ

2. 2026 жылдың 17 - сәуірге дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

Пед.кеңес төрайымы Сам М.Саметова

Хатшы Кадырова Э.Кадырова

2026 жылғы 17 сәуір
№ 1 бұйрығына
№ 2- қосымша

Өзін-өзі аттестаттау комиссия мүшелерінің міндеттері

Комиссия мүшелері	Зерделеу объектісі	Мазмұны
М Саметова – аттестаттау комиссиясының төрайымы	Жалпы басшылық, білім мекемесінің материалдық-техникалық базасы Аттестаттау жөнінде құжаттарды әзірлеп, дайындау, аттестаттау бойынша қорытынды құжат және мектепке дейінгі мекемесінің статусы жөнінде қорытынды дайындау, өзін-өзі аттестаттау комиссия мүшелеріне кеңес беру, балабақшаны басқару жағдайына талдау жасау .	Мектепке дейінгі мекеме педагогикалық кеңестерін өткізу, өзін-өзі аттестаттау қорытындысын шығару. Балабақша ғимаратын тиімді пайдалану, топ бөлмелерін мақсаты бойынша қатаң пайдалану, балабақша жиһазымен, оқу жабдықтарымен, техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі. Балабақша әкімшілігінің мекеме ішілік бақылау бойынша қызметі, бақылау жүйесінің тиімділігін талдау. Оқу жоспарын орындау, Мемлекеттік стандарт талаптарын орындау. Балалардың қозғалуын есепке алу, қатаң есептік құжаттар мәселелері жөніндегі жағдайы, балабақша кестесінің талаптарға сәйкестігі; Оқыту мен тәрбиелеудің материалдық- техникалық базасы, кадрлық қамтамасыз етілуі. Бақылау-талдағыш материалды қоса беруімен қорытынды анықтама дайындау
Байканова.Г.Ж.- аттестаттау комиссия төрайымының орынбасары	Педагогикалық ұжымның сандық және сапалық құрамы, кадрлармен жұмыс.	Педагогикалық ұжымның сандық және сапалық құрамын, б/б басшысының жұмыс стилі мен әдісін талдау; Тәрбиешілерді аттестаттау бойынша жұмыс тиімділігі. Б/б әдістемелік жұмыс жүйесінің тиімділігі. 2-қосымша
Свет.Б. - аттестаттау комиссия мүшесі	Тәрбие үрдісінің сапасы.	Тәрбиеленушілер контингенті, тәрбие мен оқытудың нәтижесіне бағдарланаған өлшемшарттарды сақтау 3-қосымша
Дүйсенбаева Т - аттестаттау комиссия мүшесі	Оқу-әдістемелік жұмыс	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын балабақшамен жүргізілген тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторинг деректерінің сәйкестігін айқындау үшін мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама жүргізу
Кадырова Э -	Балабақшадағы	Материалдық-техникалық жабдыкталуы

аттестаттау комиссия мүшесі	материалдық-техникалық жағдайлардың қамтамасыз етілуі.	мен дәрігерлік-педагогикалық жағдайлардың оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарына сай келуін анықтау. 4 - қосымша
-----------------------------	--	---

Мектепке дейінгі мекемені өзін-өзі аттестаттаудың мақсат - міндеттері

Өзін-өзі аттесттау үрдісі – мекеме басшыларының және педагогикалық ұжымның қызметін түзетуге, педагогикалық ұжымды және білім мен тәрбие сапасын дамытуға бағытталған тәрбиешінің, тәрбиеленушінің және б/б әкімшілігінің танымдық іс-әрекеті.

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты:

1. Балабақшадағы педагогикалық қызметтің жағдайы туралы объективті ақпарат алу;
2. Балабақшаның білім мен тәрбие беру қызмет көрсету сапасын жоғарылату жөніндегі жұмыс тиімділігіне объективті талдау жасау және өзін-өзі бағалауды беру;
3. Балабақшаның нақты педагогикалық үдеріс жағдайының жоспарланған жағдайға сәйкестік дәрежесін белгілеу;
4. Білім беру және тәрбие жұмысының сапасын анықтай отырып, білім жүйесіне кері әсерін тигізетін факторлардың алдын-алу жүйелерін ойластыру;

Өзін-өзі аттестаттаудың міндеттері:

Педагогикалық жүйеде кемшіліктер мен жаңашыл сапаның бар болуын (немесе болмауын) анықтау;

- Балабақшаның тұтас даму жүйесінде, даму резервінде оқу мен өзіндік бағалау объектісінің ерекше нысанын анықтау;
- Балабақшаның педагогикалық процесіне баға беретін жалпы жүйе құру;
- Оқыту мен тәрбиелеу процесінде туған проблемаларды шешу жолдары мен пайда болу себебін анықтау;